

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті



Халық педагогикасындағы балалар мен жастарды өмірге тәрбиелеу

Дәрісті бастамас бұрын мынандай сұраққа жауап берейік!

Сіздің мәдени ерекшелігіңіз!

1. Сіз өзіңізді қандай мәдениеттің өкілі деп санайсыз және неге?
2. Сіз өзіңіздің ұлттық мәдениетіңіздің жарқын көріністерімен кездескенде қандай сезімдерді сезінесіз?
3. Сіз өзіңізді басқа мәдениеттің өкілі ретінде қарастырғыңыз келе ме?
4. Біреу Сіздің халқыңызды немесе мәдениетіңізді қорлауға тырысқанда дауласасыз ба? Сіз өзіңіздің мәдениетіңізді әлемдегі ең жақсы деп санайсыз ба?

Сіздің этнопедагогикалық көзқарастарыңыз

1. Балалық шағыңыздан сіздің өміріңізге әртүрлі фольклорлық жанрлардың әсер ету мысалдарын еске түсіре аласыз ба?
2. Халықтық афоризмді немесе мақал-мәтелді (басқа жанрды) қолдану өте маңызды болған кезде өз өміріңізден мысалдар келтіре аласыз ба?
3. Балаларды халықтық дәстүрлерде тәрбиелеу керек деп ойлайсыз ба?
4. Сізді ата-анаңыз ұлт рухында тәрбиеледі ма және Сізге қандай халықтық тәрбие құралдары тиімді болып көрінеді?

Қазақтың халықтық педагогикасы ның негізі

Қазақ халқының ұлттық даралығы ой толғаныс қазынасында (ұлттық психологиясында) ұрпақ тәрбиелеу тәсілдері (этнопедагогика) мен салт-дәстүр ерекшелігінде (этнографиясында) деп білеміз.

Қазақ халқының психологиялық ой толғаныс ерекшелігін сөз етсек, ол тұспалдап, мақалдап, мақамдап, тақпақтап сөйлеу, жыр, терме, толғау, айтыс өнері арқылы көзге көріну.

Тұспалдап сөйлеу өнері, негізінен, билердің шешендік сөз өнерінен өзекті орын алған. Сондықтан қазақ билерінің шешендік сөз өнері Цицерон, Демосфен сияқты Еуропа шешендерінің сөз қолданыс түрлерінен мүлде өзгеше, өзіндік ұлттық мәнері бар сөз қолданыстар.

Халық педагогикасының негізгі мақсаты — өзінің бай тарихи тәжірибесіне сүйене отырып, келер ұрпақты еңбек сүйгіштікке, өнерге баулу, отбасы, ауыл-аймақ, Отанның ар-намысын қорғай білетін, жаны жайсаң, арлы азамат тәрбиелеу болды

Ақын, жырау, термешілердің өлең, жыр, дастан, терме, толғауларының мазмұнына ой жүгіртсек, онда дидактикалық ақыл-нақыл, өсиет-өнегенің тұнып тұрғанын байқаймыз. Олар сол арқылы ненің жақсы, ненің жаман екенін сездіріп, келер ұрпақты неден аулақ, неге ынтық болуға баулып өсіруді мақсат етті. Ал **ақыл-ойға, терең тәлімге құрылған поэзиялық сөз маржанынан ұлттық ойлау ерекшелігін, мәдени мұраның өзіндік сипатын айқын танып білуге болады.**

Жыраулардың поэзиясында келелі сөз болған мәселе — адам проблемасы (человечность. Қазақ ұғымындағы “Ердің құны жүз жылқы”, “Ер елі үшін туады, елі үшін өледі”, “Ерді намыс өлтіреді” деп, **ерлікке ерекше баға беру, ердің құнын адамгершілікпен, ар-ожданмен өлшеу** (“Жаным — арымның садағасы”, “ер жігіттің ары — мың жылқы”, “Жан сақтама, ар сақта” т. б.) **“личность” ұғымынан көп жоғары.** Сол сияқты “ақын — елдің еркесі”, “өнерліге өлім жоқ”, “өнерлінің қолы алтын” деп қараған **ата-бабамыздың өнерлі азамат, сал-сері жөніндегі ұғымы — “рыцарь” деген ұғымнан әлдеқайда ауқымды.** Демек, дала философиясындағы кісі, толық адам (Абайша), ер деген ұғымдар — кең тынысты философиялық категория.

Қазақтың ұлттық философиясының тағы бір гносеологиялық танымдық ерекшелігі — атамекен, ел-жұрт мәселесі жөніндегі көзқарасы.

Мәдениетті деп саналатын кейбір жұрт өкілдері туған жерін отаным деп есептемейді. Өскен, кәсіп еткен жеріне отаным деп қарайды. Ал қазақ жұрты кіндік қаны тамған жерін, ата-баба әулетінің мәйіті жатқан жерді ерекше қадірлейді. Оны тастап кетуді өлім санайды. Ақындардың “Кіндік қаным тамған жерім — ауылым” деп әндетуінде, “Отан — оттан ыстық”, “Отансыз ер — бұралқы итпен тең” деп қарауында философиялық үлкен ой жатыр. Туған елінің табысына масаттанған, елін сүйген ерді мадақтап “Басқа елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол” деуінде де терең патриоттық сарын бар.

Қазақ философиясының өзіндік үшінші ерекшелігі — ана тіліне, сөз өнеріне ерекше ден қойып, жоғары баға беруінде. “Өнер алды қызыл тіл” деп ұққан ата-бабамыз “От тілді, орақ ауызды” ділмәр шешендердің өсиет сөздерін, табан аузында тақпақтап айтқан мақал-мәтел, афоризм сөздері мен ақындардың терме, толғауларын жазу-сызусыз жаттап, жадында сақтап, қаз қалпында біздің дәуірімізге жеткізген. **Оның себебі — аталы сөздердің өміршеңдігінде, халықтың тіл құдіретін бағалай білуінде жатыр.** Асыл сөздің қоғамдағы тәрбиелік мәніне ертеден ерекше назар аударып, “Ақылдың көзі — аталы сөз” деп ұққан **бабаларымыз сөйлей білуді өлмес өнер, асыл мұра деп бағалаған.** Осы пікірді “Сөз тапқанға қолқа жоқ”, “Шешеннің сөзі мерген, шебердің көзі мерген”, “Сөз сүйектен өтеді”, “Жақсы сөз жарым ырыс”, “Жақсы сөз жан семіртеді” т.б. мақал-мәтелдерден байқауға болады.

Кешегі жоңғар қалмақтарымен кескілескен ұрыс кезінде Қоңтажыда кеткен ел кегін алмас қылыштың ұшымен емес, сөз құдіретінің күшімен қайтарған қаз дауысты Қазыбек бидің ақылды, тапқырлығын мадақтаған “Жарақты жауды жайратқан сөз”, “Тіл қылыштан өткір” деген мәтелдердің шығуы да тегін емес.

Ақылдың көзі логикалық дұрыс ойда жатыр. Логикалық жүйемен ойлай білу — дұрыс жүйелеп сөйлей білуге жетектейтін жол, сөйлеу мәдениетінің алғашқы баспалдағы.

Халық педагогикасындағы бала тәрбиесі

Әрбір этнос (ру, тайпа, халық, ұлт) тарихи, географиялық, мәдени, тұрмыстық жағынан өзінің тектік тұлғасын қалыптастырып, тәлім-тәрбиелік үрдістерін дамытып, қадерінше, қалыптастырып отырған. Яғни этностық тұлғаның (рулар мен тайпалардың) тілі, тұрмыс-тіршілігі, ділі, әдет-ғұрпы тарихи, жағрафиялық, тектік ерекшеліктерге байланысты қалыптасып, өз болмыстарымен даралана көрініп, басқа аймақтардағы этностық тұлғалардан өз айырмашылықтарымен өзгешеленген.

Этностық тұлғаның (рудың, тайпаның, халықтың, ұлттың) ең бірінші тұлғалық ерекшелігі, оның ана тілі болып табылады. "Ана тілі халық болып жаралғаннан бергі жан-дүниенің айнасы, өсіп, өніп, түрлене беретін, мәңгі құламайтын бәйтерегі. Жүректің терең сырларын, жанның барлық толқындарын тұқымнан тұқымға жеткізіп, сақтап отыратын қазынасы" дейді ғалым, жазушы Ж.Аймауытов. Оның үстіне "Адамдардың қоғамдасып тіршілік етуі үшін материалдық жағдайы мен тарихи жағдайының бірлігі қажет"

Қазақ халқының ұлттық тәрбиесінің теориялық негізі - қазақ халық педагогикасы, яғни ұрпаққа тәлім-тәрбие беретін ұлттық әдебиет пен халықтың салт-дәстүрлері, ұлттық мәдениеті және педагогикалық ойлар

Қазақ халық педагогикасының ғылыми негіздері

Қазақ этнопедагогикасы екі саладан тұрады: халықтың ауыз әдебиеті мен салт-дәстүрлерінен құралған халық педагогикасы және ұлттық тәлім-тәрбиенің жазу мәдениетіндегі нұсқалары.

Ғылымда жеке бір халықтың, тайпаның этностық (түп-түғияндық) ерекшеліктерін айқындайтын ғылыми салаларына «этнос» түбірі қолданылады (этнография, этнопсихология, этнопедагогика т.б.). Қазақ этнопедагогикасының негізгі саласы - халық педагогикасы. Ондағы этностық тіректі ұғым - әдеп. Әдеп - эстетика ғылымының «этика» деп аталатын үлкен саласының ұлттық мәдениетке тән қисынды баламасы.

Әдеп, яғни этика - жеке ғылым саласы ретінде әлемнің Бірінші, Екінші ұстаздары Аристотель мен әл-Фарабидің еңбектерінде әр қырынан баяндалып, көркемдік мәнді білдіретін ұлағатты сөз ретінде әдептілік пен имандылықты, қайырымдылық пен мейірімділікті, ізеттілік пен имандылықты білдіретін іс-әрекеттердің, ізгі мінез-құлықтардың көркем көріністерін түйсіндіретін ұғымдардың тіректі атауы болып табылады.

Ұлттық әдеп эстетиканың өмірлік, тұрмыстық, адами қарым-қатынастық саладағы алтын өзегі болып табылады. «Әдеп» сөзінің мәні қазақ тіліндегі ұлттық қолданыста халқымыздың мәдени рәуішін ұғындырады. Әдеп - ұлттық педагогиканың, яғни қазақ этнопедагогикасының алтын арқауы, тәлімдік кредосы. Әдеп - игі әдеттің халықтық қолданысқа, яғни әдет-ғұрыпқа айналып, оның ұлттық іс-әрекеттегі болмысын көрсететін ұғым.

Қазақтың жазу мәдениеті арқылы белгілі болған ұлттық педагогикалық ойлардың тарихы ертедегі тас жазулардан (Күлтегін, Білге қаған т.б.) басталады. Одан кейінгі қолжазба, баспа арқылы бізге жетіп, қазіргі баспасөз арқылы оқу-жазу үрдісімен этнопедагогиканың арқауы болған тәлімдік ойлар тарихи өзектестігімен ұлттық педагогиканың (этнопедагогиканың) дамып, ғылым болып қалыптасуына әсерін тигізді.

Қазақтың жазу мәдениетінде Қорқыт атаның тәрбиелік мәні зор жырлары мен мақал-мәтелдері, әл-Фарабидің ұлттық мәдениет пен ғылым, білім, поэзия, музыка жөніндегі тұжырымдары, Ахмет Яссауидің діни тәрбиенің мәні туралы ойлары, Жүсіп Баласағұнидің кемелді ел болу жолдарын көрсеткен шығармалары, Мұхаммед Хайдар Дулатидің ұлы тәлімгерлік ойлары, Абайдың өсиеттері мен тәлім-тәрбиелік тұжырымдары, Ыбырайдың педагогикалық ойлары, Шоқанның ел мәдениетін арттыру үшін істеген ғылыми еңбектері, Ахмет Байтұрсыновтың ұлттық білім беру жүйесі, Мағжан Жұмабаевтың қазақ педагогикасын түзуі, Жүсіпбек Аймауытовтың қазақ психологиясы ғылымын зерттеп, оны оқулық етіп бастыруы, кейінгі ғалымдардың қазақ этнопедагогикасын ғылым ретінде қалыптастырып, пән ретінде оқытуға ұсынуы педагогиканың (халық педагогикасы мен педагогикалық ойлардың) яғни қазақ этнопедагогикасының ғылым ретінде негізделіп, пән ретінде оқу-тәрбие ісінде қолданылуы қазақ этнопедагогикасы ғылымының **болмысын айқындайды.**

Қазақ этнопедагогикасының практикалық негізі - ұлттық тәжірибе болса, оның жемісі ұлттық тәрбиеден көрінеді. Қандай тәрбие болса да, ол ұлттық тәрбие деп аталады. Өйткені тәрбие белгілі бір ұлттың тілінде жүргізіліп, ділінде қалыптасады..

Балалар мен жастарды өмірге тәрбиелеу жолдары

1. Бала тәрбиесінде тілазарлық - тілалғыштық, инабатсыздық – инабаттылық, қырсықтық – ізеттілік, ұятсыздық – имандылық, анайылық – сыпайылық, енжарлық – ықыластық, әдепсіздік - әдептілік т.б. қарама-қайшылықтарды тәрбиеші ұстаз, ата-ана, жеке тұлғаның өзі сергек сезініп, сол қарама-қайшылықты жеңу үшін, өмір тәжірибелеріне сүйеніп, түрлі тәрбие тәсілдерін, амал-айлаларын, әдістемелік тұжырымдарын іске асырады.

2. Бала тәрбиесінде еркіндік, қажеттілік, мүмкіндік, санның сапаға көшуі, өмірмен жеке тұлғаның рухтық байланысы, мәңгі өсу (бір кезеңде құлдырап, қайтадан өсу) заңдылықтары ескеріледі.

Тәрбие – жеке тұлғаның рухани, бітімдік, білімдік, ой-саналық дамуының негізгі факторы. Бұл фактор жеке тұлғаға сыртқы әсер, ішкі әсер арқылы ықпал жасайды; ішкі, сыртқы қайшылықтар арқылы басты қозғаушы күшке айналады.

Жеке тұлғаның дамуындағы күрделі қайшылықтар оның тегіне (тұқым қуалаушылыққа), ол өсіп жатқан ортаға (айналасына), тәрбиеге байланысты болады.

Жеке адамның адамдық бейнесінің жан-жақты дамып, қалыптасуына оның тегі (тумысы), әулеттік (тұқым қуалаушылық) жағдайлары да көп әсерін тигізеді, оның үстіне әлеуметтік жағдайлар, қоғамдық қатынастар бұл тектік (тұқым қуалаушылық) қасиеттерге өз әсерін тигізіп, жаңаша өмірге қарай бейімдеп отырады.

Біз тәрбиеде жеке тұлғаның тектік асыл қасиеттерін айқындап; тәрбие мақсаттарына қайшы келетін оның іс-әрекетіндегі, мінез-құлқындағы тектік келеңсіз жағдайларға қарсы тәлім-тәрбиелік тәсілдерді қолданамыз. Ол үшін жас ұрпақ бойындағы дарын нышандарын, өмірге бейімділік деңгейін, қабілеттілігін айқындап, еңбекке, игі іс-әрекеттерге дағдыландырып, жаттықтыру арқылы тәрбие мақсаттарына жетеміз.

Жеке тұлғаның дарындылығы, қабілеттілігі оны «тегіне, нәсіліне байланысты» деген ұғымдар мен тұжырымдар психология және педагогика ғылымы толық қуаттайды. Оны «жаманнан жақсы туады, адам айтса, нанғыссыз, жақсыдан жаман туады, бір аяқ ас алғыссыз» деген халық даналығы да айқын дәлелдейді.

Балалар мен жастарды өмірге тәрбиелеу жолдары

Біз тәрбиеде жеке адамның дамуына табиғи орта, жағрафиялық орта, әлеуметтік орта және отбасы ерекше әсер ететінін ескереміз. Әрбір адамға оның айналасы (өсіп отырған ортасы) ықпалын тигізетіні – анық құбылыс. Жағрафиялық орта адамның тіршілік етуіне, еңбек әрекетіне, кәсіптік іс-қимылына, тіпті мінез-құлқына да әсерін тигізетіні белгілі. Жайнаған жасыл жайлауы әрбір адамның көңілін көтеріп, мөлдір бұлағы, таза ауасы тәні мен жанына ұнамды әсер етіп, оның адамдық (салауаттылық) қасиетін биіктете түсетіні тәрбиенің де нәтижелі болуына ықпалын тигізеді. **«Әсерленудің күші сыртқы әсердің күшіне байлаулы»** деп, Мағжан Жұмабаев айтқандай, жағрафиялық орта (сыртқы әсер) тәрбие ісінде ескеріліп, қарама-қайшылықтарға қарсы түрлі тәлім-тәрбиелік тәсілдер қолданады.

Жеке адамды тәрбиелеуде, әсіресе, отбасының (үй ішінің) әсері зор болады. Сондықтан, ата-ана отбасындағы тәрбиеге жауапкершілікпен қарап, оны реттеп отырады. Отбасы мүшелерінің бір-біріне ықпалы олардың тәлім-тәрбиелік міндеттерін орындаумен ұштасады. Қалыптасқан ұлттық тәрбие дәстүрлері бойынша ата-ананың балаға қамқорлығы, ағаның ініге қамқорлығы, інінің ағасына, әрбір баланың ата-анасын сыйлай білуі, әпкенің інілері мен сіңлілеріне қамқорлығы, сіңлісінің әпкесінен үлгі алуы, жиендердің нағашылармен қарым-қатынасы: инабаттылық, имандылық, қайырымдылық, мейірімділік, көпшілдік, меймандостық бәрі-бәрі, негізінен отбасындағы тәрбие жұмыстары арқылы қалыптасады.

Жеке адамның тәрбиеленуіне қоғамдық құрылыс пен әлеуметтік орта ерекше әсер етеді. Әлеуметтік ортадағы тексіздік, таптық теңсіздік, дене еңбегі мен ой еңбегі арасындағы айырмашылықтар мен қайшылықтар жеке адамды тәрбиелеуге көп кедергі жасайды. «Өмір - күрес», тәрбиешілер сол қайшылықтарға қарсы күрес тәсілдерін ұйымдастыра білуге тиіс.

Педагогика, психология ғылымы экспансиялық (басыну) ықпалын, изуверлік (нәсілдік) теорияны диалектикалық тұрғыда сараптап, олардың жеке адамның дамуына әсерлік мәнін айқындайтын ғылыми тұжырымдар жасайды да, оны шешуші құбылыс деп таппайды, яғни, жеке адамның дамуына жағрафиялық ортаның, отбасының, әлеуметтік ортаның, тәрбиеленушінің айналасының әсер ететіні айқын, бірақ ол жеке адамның кісілік, тұлғалық, адамдық бейнесін қалыптастыруда шешуші рөл атқармайды.

Жеке адамның дамуына ерекше ықпал ететін фактор (қозғаушы күш) тәрбие болып табылады. Тәрбие адамның дамуына ықпал ететін іс-әрекеттер мен құбылыстарды талғай сараптап, оны түрлі әдіс-тәсілдер арқылы іске асыруды көздейді. Тәрбие жұмысында жеке тұлғаның даму заңдылықтары (тұқым қуалаушылық ықпалы, айналаның, жағрафиялық жағдайлардың әсері т.б.) ескеріледі. Сөйтіп, тәрбие жеке тұлғаның бойына туа біткен қасиеттердің дамуына ыждағатты ықпал жасайды. **Академик И.П.Павлов жанжүйе (нерв) қызметінің әртүрлі типтерінің негізінде жатқан әсерленгіштіктің күші, тепе-теңдігі және жылжымалылығы тәрбиенің ықпалымен едәуір дәрежеде «өзгертуге» көнетіндігін дәлелдеді.** Абай дана: «Егер закон қуаты қолымда болса, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім», - дейді. Яғни жеке тұлғаның адамдық болмысын қалыптастыруда тәрбие шешуші рөл атқарады. Тәрбиеленушінің бойындағы бейімділіктер мен дарын нышандарының бастау көріністерін көре білген тәрбиеші, оны дамытудың әдіс-тәсілдерін тиімді қолданып, тектік және қоршаған ортадағы кедергілерге қарсы іс-қимыл жасай алады, сөйтіп жеке тұлғаның өзгеше дамуына жол ашады.

Тәрбие ісін «айнаға түсірілген бейне» (Ян Амос Коменский, XVII ғ.), «таза тақтаға жазылған жазу» (Джон Локк, XVIII ғ.) деп бейнелеген тарихтағы ұлы педагогтардың педагогикалық-психологиялық тұжырымдарын (ұқсату анықтамаларын) тарихта педагогтардың одан әрі дамыта түсуін қажет етеді. Тәжірибелі педагогтар жеке адамның дамуында тәрбиенің шешуші және жетекші рөлін жоғары бағалады. Сөйтіп, тәрбиенің ғылыми іс-әрекеттік теориялары мен әдістемесі (методикасы) жасалынды. Біртұтас тәрбие тағылымдарының диалетикалық негіздері жеке тұлғаның, әлеуметтік (қоғамдық) құрылыстың даму заңдылықтарымен тікелей байланысты.

Жеке адамның жан-жақты дамуының бір нәтижелі негізі – оның білімі. Ал, жан-жақты білім беру ісін жүзеге асыру үшін, қоғамда материалдық және техникалық база әлеуметтік сұранысқа байланысты, жеткілікті және өркениетті, демократиялық қолданыста болуға тиіс. Ақы төлеп оқу мен тегін оқу жүйесін мемлекеттік тұрғыда ұйымдастыру саясатында, тегін оқыту үшін жеке адамнан білімділік пен біліктілік жүйелі түрде қатаң талап етіледі де, білім алушының жауапкершілігі, тәртіптілігі, адамгершілік бейнесі оқу-тәрбие кезінде барынша баянды қалыптасады. Өркениетті елдің адамы еңбек мәдениетін жақсы игеріп, өндіріс технологиясын жақсы білуге тиіс. Ғылыми-техникалық прогресс (алға даму) заңдылықтары, рухани байлық, мәдениеттің қарқындап дамуы, білім алуға құштарлықтың, ынта-жігердің артуы тәрбие тағылымдарын талғай таңдап, арқауын үзбей алға алып баруды қажет етеді.

► Этнопедагогика мақсаттарын жүзеге асырудағы заңдылықтар

1. Тәрбие ісінің қоғамдық өмірге, жеке тұлғалардың бітімі мен психологиялық ерекшеліктеріне байланыстылығы оның негізгі заңдылығы болып табылады. Тәрбие ісі адамдардың материалдық рухани жағдайларын қамтамасыз ететін қарым-қатынастарға, қоғам игілігін өндірудің тәсілдеріне, қоғамдық саяси-идеологиялық жағдайға, рухани, мәдени жағдайларға байланысты құрылады да, жеке тұлғаны қоғамдық өмірге бейімдейді, оның дүниетанымын қалыптастырады, жан-жақты дамуына әсерін тигізеді.

2. Халықтың материалдық және рухани байлығының дамуы, оның білімділігі, мәдениеттілігі, жеке адамдардың имандылық, қайырымдылық, ізгі қарым-қатынастары, саяси саналығы, өмірге бейімділігі мен ынта-жігері біртұтас тәрбиенің маңызды мазмұндылығын көрсетеді.

3. Тәрбие мақсаты оның стратегиялық (түпкі мақсаттылық), тактикалық (іс-қимыл тәсіліндік) жағдайларына байланысты болады. Ол мақсаттар мен тәсілдер әдістемелік жүйемен іске асырылады.

4. Жеке тұлғаның жан-жақты дамуы мен оны оқыту, тәрбиелеу ісінің біртұтастылығы – тәрбие жүйесінің негізгі бір заңдылығын көрсетеді. Яғни жеке адамның дамуы мен оны тәрбиелеу ісімен тікелей байланысты. Бұл ретте бір-бірінен бөлінбейтін педагогикалық және психологиялық іс-әрекеттердің тұтастығы, педагогикалық, психологиялық бағдар (диагностика) зор рөл атқарады.

5. Тәрбие ісінің тағы да бір педагогикалық заңдылығы: тәрбиеленушінің іс-әрекеті неғұрлым қоғамға пайдалы болатындай ұйымдастырылса оның қоғаммен байланысы да солғұрлым саналы қалыптасып, тәрбиенің тиімділігі арта түседі. Бұдан келіп тәрбиешілер мен тәрбиеленушілердің өзара және жалпы қоғаммен тығыз байланысы қалыптасады. Бұл қарым-қатынас (алтын арқау) – тәрбие ісінің нәтижелі болуының кепілі.

6. Тәрбие ісінің қозғаушы күші – қарама-қайшылық. Бұл педагогикалық-психологиялық құбылыстар әсерлі іс-әрекеттер арқылы тәрбие ісінде өз нәтижелерін береді. Мысалы, қайғы-қуаныш, сенім-күдік, қанағаттану-қанағаттанбау, т.б. Тәрбиелеуші тәрбие ісінде осы қарама-қайшылықтармен күрес тәсілдерін қолданады. Ескі мен жаңаның арасындағы қайшылықпен «күрес» кезінде тәрбиеші «ескінің» жаңғырып, жаңаланып отыратынын, жойылған ескі жаңаның жаңадан туындауына себепші болғанын дәлелдеуді ұмытпауға тиіс. Мысалы: қазақ халқының ұлттық тәрбиесіндегі (халық педагогикасындағы) ескі дәстүрлердің жаңғырып жаңаруы, оның жалғасуы, тозғаны мен озғаны айқын баяндалып, қолданылмалы іс-әрекетте өз мәнін табуға тиіс. Ұлттық этиканың қалыптасып, мәдениеттің дамуы жағдайындағы қарама-қайшылықтар дамудың негізі бар заңдылығы екендігін ескерген ғалым, жеке адамның рухани дамуына өзек болатын тұжырымдарды айқындайды. Мысалы: ұлттық мәдениеттегі имандылық дәстүрінің жаңғырып, дамып, жаңаша қалыптасуы үшін, ескіден ерекше ел санасына еніп, салт-санаға айналған үрдістер (ізгілік, қайырымдылық, мейірімділік, инабаттылық) қоғамдық құрылыстағы келеңсіз жағдайларда (нарықтық үнем кезіндегі ұлттық психологияға әсер еткен рухани, экономикалық үрдістер) қара бастың қамын ойлаушылық, ақшақұмарлық, пайдакүнемдік белең алған кезде, тәрбие ісі орасан зор кедергілерге, қайшылықтарға ұшырайды, сол қайшылықтармен тәсілді күрес жүргізу арқылы тәрбиешілер (ғалымдар, ұстаздар) жаңаша жаңғырту әрекетінде өз жеңістеріне жетеді де, даму заңдылықтарының ғылыми жетістіктеріне ие болады.

7. Біртұтас тәрбие мақсаттарын айқындап, оны жүзеге асыруда жеке тұлғаның тұлғалық, бітімдік, психологиялық ерекшеліктері, оған әсер ететін қоғамдық, әлеуметтік, тұрмыстық жағдайлар, тәрбие ісіндегі қарама-қайшылық заңдылықтары, тәрбиеленуші мен тәрбиешінің, жеке адам мен қоғамның арасындағы қарым-қатынастар, тәрбиені түпкі (стратегиялық) мақсаттары мен тактикасы (іс-әрекеттегі тәсілдері) жалпы тәрбие тәжірибелері арқылы айқындалып, бұл заңдылықтар тәрбиелік іс-әрекеттерде бүтіндей қолданылмалы тәсілдермен іске асырылады.

► Ұрпақ тәрбиесіндегі ұлттық тәрбие тәжірибелері

Адамзат тарихында тәрбие тәжірибелері жеке адамның өзін-өзі тәрбиелеуіне, отбасының тәрбиесіне, қоғамдық тәрбиеге, оқу мен тәрбиенің байланысына сүйенеді. Тәрбие жұмыстары ұлттық тәрбиеге, саяси-әлеуметтік тәрбиеге байланысты өз ерекшеліктерін көрсетеді.

- 1. Жеке адамды тәрбиелеу тәжірибелері отбасы тәрбиесінде жан-жақты жүргізіледі. Жас баланың дүниетанымын, қиялын, тілін дамыту үшін ата-ана және отбасының үйелмендері тәрбие тәсілдерін жан-жақты қолданады: балаға сан үйрету, тілін ширату үшін жаңылтпаштар үйретудің әдіс-тәсілдері, жеке тұлғаны өмірге бейімдеу (өзіне өзі қызмет етуді, «тіршілік жасауды» үйрету жолдары т.б.) тәжірибелері халық педагогикасында сабақтасып, сапалы нәтижелерін көрсетеді. Халық тәрбие тәжірибелеріне сүйеніп «адам болар баланың адамменен ісі бар, адам болмас баланың адамменен несі бар», «сабыр түбі – сары алтын», «жақсылыққа жақсылық - әр кісінің ісі, жамандыққа жақсылық – ер кісінің ісі» деп тұжырымдайды. Халық тәрбие тәжірибелеріне (ұлттық тәрбиеде) ауыз әдебиетін, әдептілік негіздерін, салт-дәстүрлерді, салт-сананы пайдаланады. Ол үшін рәсімдер жасайды, ырым-тыйымдар қолданады, рәміздерді, жол-жоралғыларды пайдаланады. Тәрбие тәжірибелері балабақшамен, мектеп өмірімен сабақтастырылады.
- 2. Балабақшадағы тәрбие тәжірибелері жоспарлы түрде ғылыми-педагогикалық негізде жүргізіледі. Бөбектер мен балдырғандардың дүниетанымын, тілін, қиялын дамытып, мінез-құлқына әсер ету үшін, түрлі ойындар, эстетикалық әсер еткіш тәсілдер қолданылады. Әрине тәжірибе жаңаша жаңғырып (инновацияланып) отырады. Ол балабақшадағы әдіскер-тәрбиеші халықаралық, халықтық, педагогикалық тәжірибелерді жан-жақты игеріп, өз ісінде жаңаша (жаңғырту) іс-әрекеттерін ұйымдастыра білуге тиіс. Балабақшадағы іс-тәжірибелері, көбінесе, отбасымен тығыз байланыста болуға тиіс екендігі белгілі.
- 3. Педагогикалық және психологиялық тәрбие тәжірибелері мектепте оқыту ісімен, оқу-тәрбие ісінің біртұтастығымен байланысты жүргізіледі. Ұстаз тәрбие ісінің әрбір жаңа бастамасында бұрынғы тәжірибелерге сүйеніп, соны алға қарай дамытады, егер ескі тәжірибе жаңаша өмірге қолдануға сәйкес келмесе, оның негізінде тәжірибеде жаңа қолданыстың негізін қалайды. Тәрбие тәжірибесінде қателесіп, кемшілік жібермес үшін тәрбиеші «пікірлесу», «пікірталас», «мақұлдасу», «сөзге тоқтау», «сөз сыйлау» тәсілдерін қолданады.
- 4. Тәрбиелеу тәжірибесінің тағы бір тиімді түрі - өзін-өзі тәрбиелеу әрекеттері. Бұл істегі тәрбие тәжірибесіне әдебиет, радио, теледидар, театр, кинофильмдер, компьютерлық көрсетілімдер сүйемел болады. Мұндай басшысыз жүргізілетін тәрбие тәжірибелерінде көптеген кемшіліктер мен қателіктер болуы мүмкін. Ондай жағдайда, жеке тұлға (кісі) тәжірибелі тәрбиешілермен кеңесіп, келісіп отыруға тиіс.
- 5. Тәрбие тәжірибесінің негізгі бір түрі – эксперимент (арнайы жасалынатын тәжірибелер). Бұл тәжірибеде теориялық (оқыған, естіген, тұжырымдаған) білімді іс-әрекетпен байланыстыру тәсілдері қолданылады (іс-қимылда байқау, лабораториялық тәжірибе жасау т.б.). Яғни теорияны практикамен (іс-қимылмен) айқындау, дәлелдеу, қолдану жұмыстары жүргізіледі.
- 6. Тәрбие тәжірибесінде үйретілген іс-әрекетті тәрбиеленушілердің орындауын талап ету, байқау, бақылау, бағалау жұмыстары ерекше жүйелі түрде жүргізілуге тиіс.
- 7. Тәрбие тәжірибелерінде сонымен қатар педагогикалық-психологиялық заңдылықтар ескеріледі (білмекке құштарлық, қабілеттілік, дарын нышандары, мінез-құлық ерекшеліктері; қоғамдық, өндірістік қарым-қатынастар, т.б.).

Жас ұрпақты тәрбиелеудегі ұлттық тәрбие жүйесі

Тәрбие туралы ұғымдар жүйесін, тәрбие заңдылықтарын тәрбие теориялары айқындайды. Педагогика тарихында авторитарлық (беделдік), сенсорлық (сезіндіру), еркін **тәрбие**, прагматизм (шақтап тәрбиелеу), неопозитивизм (саясатсыз тәрбиелеу), экзистенциализм (өзіндік тәрбие), неотомизм (дінге байланысты тәрбие), ұжым арқылы тәрбиелеу, гуманизм (адамгершілік негізінде тәрбиелеу), имандылық (кісілік), демократизм (көпшілдік) теориялары белгілі.

1. Тәрбиешінің беделіне негізделген **авторитарлық** (беделдік) тәрбие теориясы, көбінесе, діни тәрбиеде қолданылады. Дін «Алланың ақ жолына» бейімдеп, әрбір адамның сөзсіз мойындайтын діни тәрбие нұсқаларын тұжырымдап, белгіленген, адам өзінің адамгершілігін, адамдық бейнесін құрметтеп, сол белгіленген тәрбие мақсаттарын орындауға міндетті. Авторитарлық тәрбие теориясы тәрбиешінің қалыптасқан беделіне тәрбиеленуші тәнті болып, оның тәрбиелік талаптарын сөзсіз орындауға міндетті. Бұл теорияға педагогика ғылымы инновациялық (жаңғыру) үрдістерін сабақтастырып, гумандық (кісілік), еркіндік қағидаларды үйлестіріп қолдануды қажет деп қарайды.

2. Еркін тәрбие теориясы баланы тәрбиелеуде оның еркіне нұқсан келтірмеуді көздейді. Педагогика тарихында бұл теорияны Жан-Жак Руссо, И.Песталоцци т.б., ұлы педагогтар қолдаған болатын. Педагогика ғылымы тәрбиенің еркіндігін көздегенмен, тәрбие жүйесіндегі «Фарабилық орта» (тәрбиеленушіге аса жұмсақ болмау) керек екенін дәлелдейді. Қазақтың халық педагогикасында баланы «еркелетіп есіртпей», «қызға қырық үйден тыйым салу» дәстүрін тәрбиенің тәрбиелік негізі деп есептейді.

3. Тәрбие теориясында көбірек қолданылған, **әсерлендіру** теориясы – баланың сезімін билеп, сезіндіріп, әсерлендіре тәрбиелеу сенсорлық тәрбие деп аталады. Бұл теорияны ертеде Я.А.Коменский, И.Г.Песталоцци қолдаған болатын. «Адамның адамдығы оның көркемдікті сезінуде» (Н.Г.Достоевский). Яғни тәрбиеде баланы көркемдікті сезіндіре тәрбиелеу – басты мәселе. «Құлақтан кіріп, бойды алар, жақсы ән мен тәтті күй», - деп Абай айтқандай, сезіндіре тәрбиелейтін сенсорлық тәрбие теориясында баланың тәрбиесіне психологиялық және педагогикалық біртұтастық, эстетикалық тәрбиенің негізі жатқандығын көреміз.

4. **Прагматизм (шақтап тәрбиелеу)** теориясын американдық педагог-прагматист Джон Дьюи (XIX-XX ғғ.) мәлімдеп, балаға шақтап білім беруді, еңбекші баласына тәрбиені де шақтап жүргізуді ұсынды. Педагогика ғылымы тәрбиенің бұл теориясы адами өмірге, прогрестік өсуге, тарихи болашаққа сәйкеспейді деп есептейді. «Ер жігітке елу өнер де аз» дейтін халық педагогикасы, мұндай «шақтау» теориясының жеке тұлғаның дамуына кері әсерін тигізетінін дәлелдейді.

5. **Неопозитивизм (саясатсыздық)** теориясы балаға білім бергенде, оны тәрбиелегенде «таза білім», «таза тәрбие» ешбір саясатсыз, идеологиясыз болсын деген пікірді көздейді. Педагогика ғылымы тәрбие қоғамдық, әлеуметтік құбылыс болғандықтан, оны және ғылымды саяси-әлеуметтік жағдайдан бөліп қарауға болмайды деп есептейді. Әрбір адам – мемлекеттің бір мүшесі. Ал мемлекет саясаты демократиялық болса, сол саясатты тәрбие ісіне пайдалану – тәрбиеде өз нәтижелерін берері хақ.

6. Тәрбиенің **экзистенциализм теориясы ғылыми тұжырымдарға қарсы әрбір жеке тұлғаның «өзіндік дүниесі»** болады деп есептейді. Сөйтіп, жеке адамның өзін-өзі тәрбиелеуін ұжымдық тәрбиеге қарсы қояды. Педагогика ғылымы жеке адамды әлеуметтен, ұжымнан бөліп қарау, тәрбиеге зор кедергі келтіреді деп қарайды, бұл теорияның тәрбиеге зиян екенін дәлелдейді.

7. Дүние жүзі халықтарында кеңінен қолданылып келе жатқан тәрбиенің **«неотомизм» (дінге байланысты тәрбиелеу) теориясы өзінің тәрбиелік мәнін жоғары қояды.** Бірақ бұл теория ғылымды дінге қарсы қояды. Педагогика ғылымы тәрбие мен ғылымның біртұтастығын дәлелдеп, дінге байланысты тәрбиені жалпы тәрбиемен сабақтастыруды көздейді.

8. Тәрбиенің ұжым арқылы тәрбиелеу теориясының негізін қалаушы – А.С.Макаренко болды. жеке адам – ұжымның, отбасының, қоғамның бір мүшесі болғандықтан, оны «бөлек» тәрбиелеуге болмайды. «Көппен көрген – ұлы той», «жалғыз жүріп жол тапқанша, көппен жүріп адас», «көпке топырақ шашпа», «жалғыздың үні шықпас, жаяудың шаңы шықпас» деп, халық жеке тұлғаның «көп» арқылы ғана адам болып қалыптасатынын дәлелдейді. «Басшы болсаң көппен сырлас, көптің мұқтажын өте» дейді ұлы тәлімгер М.Х.Дулати. Яғни тәрбие мақсаттарын көпшілікпен, қоғаммен сабақтастыра білу – жеке адамды ұжым арқылы тәрбиелеудің ең тиімді тәсілі.

9. Тәрбиенің «гуманизм» теориясы жас ұрпақты адамгершілікке тәрбиелеу мақсатын көздейді. Ұлттық дәстүрлі тұжырым бойынша имандылыққа тәрбиелеу мақсаттары – этнопедагогика және этнопсихология ғылымында тәрбиенің алтын арқауы ретінде баяндалады. Адамгершіліктің негізі – имандылыққа тәрбиелеу мақсаттары жеке тұлғаның сенімін, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруды көздейді. Имандылық негіздері - әдептілік, инабаттылық, қайырымдылық, мейірімділік, ізеттілік жеке адамның санасында тәрбие арқылы қалыптасады. Гуманизм (адамгершілік) теориясы жалпы адами тәрбиемен тікелей сабақтасып жатыр.

10. Демократизм теориясы тәрбие ісінде еркін пікірлесу, өзін-өзі басқару, ұжым мүшелерінің, елдің, жалпы адам баласының жағдайымен санасуы, игі рәсімдерді қолдауды, Отанға, жалпы адам баласына қызмет етуді, кең құқықтық дәстүрлердің қалыптасуын көздейді. Бұл теория – жеке билікке, теңсіздікке, өзбілермендікке қарсы, іс-әрекетті басқаруда жеке биліктің орнына ұжымдық ұйғарым, азшылықтың көпшілікке бағынуын негізге алады. Демократизм және гуманизм теориялары бірін-бірі толықтырып, жалпы тәрбие теорияларының негізін құрайды. «Көп көндіреді, терең батырады», «досы көппен сыйлас», «кекшіл болма, көпшіл бол», «халық қалт айтпайды» деген халық мақалдары демократизм теориясының тұжырым түйіндері іспеттес. «Көпті жамандаған көмусіз қалады» дейді халық

- ▶ 1.Отбасында қандай тәрбие түрлері жүзеге асырылады?
- ▶ 2.Қазақ отбасында тәрбиенің қандай түрлері жүргізілген?
- ▶ 3.Бала тәрбиелеу ісі ғылым ба, әлде өнер ме?
- ▶ 4.Отбасындағы тәрбие түрлерінің өзара байланысын неден көруге болады?

Пайдаланылған әдебиеттер

- ▶ 1.Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық мәселелері және тарихы. А; “Білім” 2004 ж.
- ▶ 2.Жарықбаев К.Б., Қалиев С. Қазақ тәлімінің тарихы. А; “Санат” 1995 ж.
- ▶ 3.Табылдиев Ә. Қазақ этнопедагогикасы. А; “Санат” 2001 ж.
- ▶ 4.Қалиев С., Молдабеков Ж., Иманбекова Б. “Этнопедагогика” Астана. 2005 ж.
- ▶ 5.Қалиев С., Оразаев М., Смаилова М. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. А; “Рауан” 1995 ж.
- ▶ 6.Жұмабаев.М. “Педагогика” А; “Ана тілі” 1992 ж.